

Ж.Ташенов атындағы жалпы орта мектебі

**«Таным» пән бірлестігінің
І жарты жылдық есебі**

Бірлестік жетекшісі : С.Уразбаева

Ж. Ташенов атындағы жалпы орта мектебінің «Таным» пән бірлестігінің 2020-2021 оқу жылының I жарты жылдық қорытынды есебі.

2020-2021 оқу жылында «Таным» пән бірлестігінде тарих, география және биология, химия пәндері бойынша 7 мұғалім қызмет етті.

Тарих пәнінен 4 мұғалім:

1. Маханов Санжар-директор
2. Смайлов Дәулет-жоғары санат
3. Уразбаева Салтанат-педагог-зерттеуші
4. Жаппарбеков Асылхан-педагог-модератор.

Биология және химия пәні мұғалімдері:

1. Серімбет Гүлсін-жоғары санат
2. Анасова Айжан- педагог-модератор.

География пәнінен 1 мұғалім:

1. Үсетаев Мұхит-педагог- сарапшы

Оқу жылының басында бірлестіктің жылдық жоспары түзіліп, жыл бойы өтілетін іс-шаралар жоспарланып бекітілді. Желтоқсан айында еліміздің Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай көптеген тәрбие сағаттары мен іс-шаралар мен танымдық сабақтар өткізілді. Атап айтар болсақ, 7-б сыныбының жетекшісі Д.Смайлов «Менің Қазақстаным», 7-а сыныбының жетекшісі А.Жаппарбеков «Лаула желтоқсан алауы» атты тәрбие сағаттарын өткізді.

Қараша айында мектепшілік оқушылар арасында пән олимпиадасы өткізілді. Тарих пәні бойынша 11-сынып оқушысы Журабеков Әлжаппар, 10-сынып оқушысы Дархан Ләззат, 9-сынып оқушысы Құнанбай Нағима жоғары балл жинап, аймақтық пән олимпиадасына жолдама алды. География пәнінен 11-сынып оқушысы Сырлыбай Ерсұлтан, құқық пәнінен 9-сынып оқушысы Дүйсек Нұргүл қатысты.

Бірінші жарты жылдықта біршама жетістіктерге де ие болдық. Аудандық мұғалімдердің пән олимпиадасында химия пәнінің мұғалімі А.Анасова 2-жұлделі орынды иеленді.

Желтоқсан айының 2-13.12.21 ж бастап «Таным» пән бірлестігінің апталығы басталды. Апталықтың жоспары талапқа сай құрылып, әр мұғалім уақытылы жоспарға сай өз сабақтары мен сыныптан тыс сабақтарын жүргізіп отырды.

Өткен тарихымыздағы халқымыздың кешкен қиындықтары мен бейбіт күн үшін күрескен ерліктері мен еңбектерін бүгінгі ұрпаққа жеткізуде, олардың саналы азамат болып өсуіне үлес қосуда ұстаздардың еңбегі зор. Оның бір дәлелі, 2021 жылдың 2-13 желтоқсан аралығында Ж.Ташенов атындағы жалпы білім беретін орта мектебінде «Тәуелсіздіктің 30 жылдығы» тақырыбында «Таным» пән бірлестігінің пәндік апталығы өтті.

«Таным» пән бірлестігінің 2.12-13.12.2021 ж. аралығында өткізілетін апталықтың іс-шара жоспары .

Қ/С	Іс-шараның тақырыбы	Сыныбы	Өтілетін мерзімі	Жауапты
1	Апталықтың ашылуы	5-11	2.12.2021ж	Бірлестік жетекшісі, сынып жетекшілер, пән мұғалімдері
2	Халықаралық байланыстардың дамуындағы Ұлы Жібек жолының ролі (ашық сабақ)	6	2.12.21 ж 3-сабақ	С.Уразбаева
3	«Тәуелсіз елдің ұрпақтары Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған тарихи кеш	6-10-11	4.12.2021ж	С.Уразбаева
4	Химиялық реакция теңдеуі бойынша қоспа құрамындағы заттың массасын анықтауға есептер шығару (ашық сабақ.)	9 а сынып	3.12..2021ж 2-сабақ	А.Анасова
5	Қан тамырлар жүйесінің түрлері. (ашық сабақ)	8 бсынып	7.12 .2021ж 2-сабақ	Г.Серімбет
6	«Сақтар»	5 а	8.12.21 ж 3-сабақ	А.Жаппарбеков
7	«Тәуелсіз елдің талантымын» Сыныптан тыс сабақ.	9 А,Б	10.12.2021ж	А.Анасова, А.Жаппарбеков
8	Құрлық суының шаруашылық маңызы (ашық сабақ)	8 б сынып	11.12.2021ж	М.Үсетаев
9	«Туған өлкем-қандай көркем» білім сайысы	7-11 сынып	13.12.2021 ж	Д.Смайлов .М.Үсетаев

Пәндік апталық-оқушыларға ел тарихын танып-білуде тарихи тұлғалардың қоғамдағы қызметтерінен үлгі алу, өзіндік ой-пікір қалыптастыру мақсатында жоспарлады.

Апталық 2 желтоқсан бейсенбі күні салтанатты жиын түрінде ашылып, тарихи стендтер ілініп, оқушылардың тарихи тұлғаларға деген құрметін арттырып, өз елі үшін игі жасауға шақырды. Сондай-ақ тарих пәнінің ерекшеліктері туралы айтылып, ақын-жазушылардың өлеңдері мен қанатты сөздері жатқа оқылды.

Апталық аясында ашық сабақтар, сыныптан тыс пәндік сайыстар, танымдық-зияткерлік сайыстар ұйымдастырылды. Оқушылардың тарихи танымын, пәнге деген қызығушылығы мен білімдерін арттыру мақсатында Г.Серімбеттің өткен ашық сабақтары «үлгілі» деп танылса, М.Үсетаевтың ашық сабақтары ерекше жаңашылдықпен, үлкен талпыныспен өткізіліп, оң бағасын алды. Пән мұғалімдерінің ізденісі тек ашық сабақтармен ғана шектелмей, сыныптан тыс шаралар да үлкен дәрежеде өткізілді.

Атап айтсақ, 2 желтоқсан күні 6 сыныпта С.Уразбаева «Ұлы Жібек жолы» тақырыбында ашық сабақ өтті, оқушылардың жан-жақты қырларын ашып, зеректігі мен алғырлығын көрсете білді, енді ғана тарих пәнінің қыр-сырымен танысып келе жатқан 6 сынып өздерінің пәнге деген қызығушылығы зор екенін атап өту керек. Мұғалім сабақта тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, сабақтың мақсатына жетті. Сабақ өз деңгейінде өтті.

4-желтоқсан күні тарих пәні мұғалімі С.Уразбаеваның ұйымдастыруымен 6,10,11 сынып аралығында «Тәуелсіздік ұрпақтары» деп аталатын сыныптан тыс іс-шара ұйымдастырылды. Бұл сайыс сабақ оқушылардың ерекше қызығушылықтары мен белсенділіктерін оятты және білімдерін шыңдады. Сайыстың барысы оқушылар екі командаға бөлініп, 1-Сұңқар және 2-топ Қайрат тобы болып жарысқа түсті. 6 сынып оқушылары патриоттық рухта өлең-жырларын оқыды. Сайыс барысында оқушылар 1986 жылғы ызғарлы желтоқсан оқиғасынан көрініс көрсетіп, сахнаның шырайын аша білді, тарих пәнінен сұрақтар ұйымдастырылып білгір әрі жылдам топ алға шықты. Сайыс соңында 11 сынып оқушыларынан құралған топ жеңіске жетті. Іс-шараға қатысқан оқушылар марапатталып, жағымды ән кешіне ұласты.



3-желтоқсан күні химия пәні мұғалімі А.Анасова 9 а сынып оқушыларымен «Химиялық реакция теңдеуі бойынша қоспа құрамындағы заттың массасын

анықтауға есептер шығару» тақырыбында ашық сабақ өтті. Оқушылар сабаққа белсенді қатысып отырды дегенмен кейбір оқушылар химиялық есептеу кезінде ілесе алмады. Мұғалім сабаққа жоғары деңгейде дайындықпен келген. Сабақ барысында тақырыпқа байланысты презентация, видео- сабақтар және есептердің шығару жолдарын көрсетті. Үй тапсырмасын сұрау барысында әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана білді. Оқушылардың қызығушылығын арттыра білді. Сабақ жақсы деп бағаланды.

7-желтоқсан күні биология пәні мұғалімі Г.Серімбет «Қан тамырлар жүйесінің түрлері.» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ 8 б сынып оқушылары арасында жүргізілді. Мұғалім сабақты «Блум» таксономиясы арқылы тақырыпқа байланысты ақпараттармен таныстырып, әдіс-тәсілдерді пайдаланып, оқушылардың қызығушылығын арттыра білді. Оқушылардың белсенділігі өте жоғары, оқушылар бір-біріне көмектесу арқылы «көпіршелер» аясында іс-қимылдарын көрсете білді. Сабақ жоғары деңгейде өткізілді деп бағаланды.

8-желтоқсан күні тарих пәні мұғалімі А.Жаппарбеков 5 а сыныбынды «Сақтар» тақырыбына байланысты ашық сабақ өтті. Енді ғана тарих пәнімен танысып жатқан оқушылар сақ тайпаларының тұрмыс-тіршілігімен танысып, бүгінгі қазақ халқының өмірімен байланыстыра білді. Сабақта тиімді әдіс-тәсілдер пайдаланып, оқушылар белсенділік танытты. Сабақ өз дәрежесінде жақсы өтті деп бағаланды.

10 желтоқсан күні А.Анасова мен А.Жаппарбековтың ұйымдастыруымен 9 а,б оқушыларының арасында «Тұғыры мықты Тәуелсіз елім» атты сыныптан тыс сабақ өткізілді. Сайыста оқушылар «Жас тарихшылар» және «Жас химиктер» болып бөлініп, екі командалық топтар болып өз білімдерін ортаға салып жарыса түсті. Сайыс барысында химиялық шоу мен тарихи белестер таныстырылды. Кеш өте тартымды өз деңгейінде өтті.

11-желтоқсан күні география пәні мұғалімі М.Үсетаев 8 б сынып оқушыларымен «Құрлық суының шаруашылық маңызы» атты ашық сабақ өтті. Сабақта судың құрамы және шаруашылықта алатын орны туралы презентация және тақырыпқа байланысты видео-сабақтар көрсетілді. Сабақта пәнаралық байланыс жүргізіліп, сабақ өз деңгейінде жақсы деп бағаланды.




13-желтоқсан күні география және тарих пәні мұғалімі Д.Смайлов пен М.Үсетаев «Туған өлкем- қандай көркем» атты 8-9 сынып аралығында сыныптан тыс сабақ өткізді. Сайыс барысында тарих және география жайлы тапсырмалардан сұрақтар қойылып, жауап алынды. Оқушылар өз өнерлерін көрсетіп, тәнті етті

Апталықтың жабылу салтанаты мәжіліс залында ұстаздар мен оқушылардың қатысуымен үлкен дайындық пен нәтижелі еңбекке толы әдеби сазды кеш түрінде өтті. Кеште апталық аясында өткізілген іс-шараларда белсенділік танытқан оқушылар марапатталып, әрі қарай 6 сыныбының оқушысы Бахитжан Әселдің орындауындағы ән көрермендердің ықыласына бөленіп, патриоттық әндер шырқалып, мың бұралған биге ұласты.

Бүгінгі күн – ертең тарих. Сондықтан да тағылымы мол тарихты тереңнен қазған апталықтың оқушыларға берер өнегесі мен тәрбиесі мол болды.

13.12.2021 ж күні апталықтың жабылуы мектептің өнерлі оқушыларының қатысуымен ұйымдастырылып өтті. Апталық өз деңгейінде атқарылып шықты.

Бірлестік жетекшісі :



С.Уразбаева